

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды өзара тануы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 528 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды өзара тануы туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды өзара тануы туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

29

мамырдағы

№

528

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды өзара тануы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

1997 жылғы 17 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортақ) білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге, академиялық ұтқырлықты арттыруға ұмтыла отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі еңбек нарығының дамуын ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды/жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды, сондай-ақ жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы мемлекеттік құжаттар деңгейінде танылатын жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы құжаттарды (бұдан әрі – білім туралы құжаттар) және жоғары/жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтамаған адамдарға берілген білім беру мекемелерінде/ұйымдарында оқығаны туралы белгіленген үлгідегі құжаттарды/анықтамаларды/академиялық анықтамаларды (бұдан әрі – құжаттар/академиялық анықтамалар) өзара танудың негіздерін анықтайды.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген білім туралы құжаттар және құжаттар/академиялық анықтамалар аттестатталған/аккредиттелген білім беру бағдарламалары бойынша осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік/институционалдык/арнайы аккредиттеуден/аттестаттаудан өткен білім беру мекемелерінде/ұйымдарында берілуге тиіс.

2-бап

Жоғары/жоғары кәсіптік білім беру жүйесі екі сатылы/екі деңгейлі осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде берілген жоғары/жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтағанын растайтын білім туралы құжаттар немесе жоғары/жоғары кәсіптік білім беру жүйесі бір сатылы/бір деңгейлі осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде оқытудың күндізгі нысаны бойынша жалпы (толық) орта білім базасында кемінде төрт жыл нормативтік оқыту мерзімімен берілген жоғары/жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтағанын растайтын білім туралы құжаттар осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында жоғары/жоғары кәсіптік білімнің екі сатылы/екі деңгейлі жүйесі арқылы жоғары/жоғары кәсіптік білімнің екінші сатысында/екінші деңгейінде немесе қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі/жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыруға құқық беретін құжаттар ретінде танылады.

3-бап

Жоғары/жоғары кәсіптік білім беру жүйесі екі сатылы/екі деңгейлі осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде берілген жоғары/жоғары кәсіптік білім беру жүйесі екі сатылы/екі деңгейлі күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы (толық) орта білім базасында кемінде бес жыл жоғары/жоғары кәсіптік білімнің бірінші және екінші сатылары/бірінші және екінші деңгейлері бойынша оқытудың жиынтық мерзімімен берілген жоғары/жоғары кәсіптік білімнің екінші сатысындағы/екінші деңгейіндегі жоғары/

жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтағанын растайтын білім туралы құжаттарды осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құжат иелеріне осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі/ жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді жалғастыруға құқық беретін құжаттар ретінде таниды.

4-бап

Толық емес жоғары/жоғары кәсіптік білім туралы дипломдар және/немесе құжаттарды/академиялық анықтамаларды осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құжат иелеріне осы Келісімге қатысушы әрбір мемлекеттің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында жоғары/жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді жалғастыруға құқық беретін құжаттар ретінде таниды.

5-бап

Тану сұратылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген нысаннан өзгеше оқу нысанындағы жоғары/жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтағанын растайтын білім туралы құжаттарды осы Келісімге қатысушы мемлекеттер құжаттар/академиялық анықтамалар ретінде таниды.

Нормативтік мерзімі осы Келісімнің 2 және 3-баптарында көзделген оқытудың нормативтік мерзімінен кем білім беру бағдарламаларын меңгеруді аяқтағанын растайтын білім туралы құжаттарды осы Келісімге қатысушы мемлекеттер құжаттар/академиялық анықтамалар ретінде таниды.

6-бап

Осы Келісім осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелері/ұйымдары берген білім туралы құжаттарға, құжаттарға/академиялық анықтамаларға оның ішінде осы Келісімнің күшіне енуіне дейін берілген және осы Келісім ережелерінде қамтылатын білім туралы құжаттарға, құжаттарға/академиялық анықтамаларға қолданылады.

7-бап

Осы Келісімнің 2 және 3-баптарында аталған білім туралы құжат иелерінің кәсіптік қызметпен айналысуына рұқсат берудің танылуы сұратылатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап

Осы Келісім білім туралы шетелдік құжаттарды, тану сұратылатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер білім туралы құжаттарды тану жөніндегі уәкілетті органның құжаттарын/академиялық анықтамаларын тану рәсімдерін жоймайды. Білім туралы шетелдік құжаттарды, құжаттарды/академиялық анықтамаларды тану рәсімі тану сұратылатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру үшін Тараптардың әрқайсысы өздерінің білім туралы құжаттарды тану жөніндегі уәкілетті органдарының басқа Тараптардың уәкілетті органдарының білім туралы құжаттарды тану туралы сұрау салуы бойынша осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары және берілетін білім туралы құжаттар, құжаттар/академиялық анықтамалар туралы қажетті ақпараттың берілуін қамтамасыз е т е д і .

Тараптардың әрқайсысы өздерінің білім туралы құжаттарды тану жөніндегі уәкілетті органдарының оқыту және білім туралы құжаттарды, құжаттарды/академиялық анықтамаларды беру фактісі туралы сұрау салуды басқа Тараптардың уәкілетті органдарынан алған күннен бастап 30 күн ішінде қажетті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді.

10-бап

Осы Келісімді іске асыру үшін Тараптардың әрқайсысы күшіне енген күнінен бастап әрбір екі ай мерзім ішінде осы Келісімнің 2-5-баптарының ережелерінде қамтылатын білім туралы құжаттардың, құжаттардың/академиялық анықтамалардың үлгілерін, сондай-ақ білім туралы құжаттардың және құжаттардың/академиялық анықтамаларды ресімдеу және беру қағидаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, білім туралы шетелдік құжаттарды, құжаттарды/академиялық анықтамаларды тану тәртібі туралы және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім туралы құжаттарын тану жөніндегі уәкілетті органдар туралы ақпаратты д е п о з и т а р и й г е ж і б е р е д і .

Депозитарий осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген білім туралы құжаттардың, құжаттардың/академиялық анықтамалардың үлгілерін және ақпараттарды тиісті Тараптан алғаннан кейін бір ай мерзім ішінде оларды осы Келісімнің басқа Т а р а п т а р ы н а ж і б е р е д і .

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген білім туралы құжаттардың үлгілері

өзгерген жағдайда Тараптардың әрқайсысы депозитарийге осы өзгерістер туралы олар қабылданған күннен бастап бір ай мерзім ішінде хабарлайды.

11-бап

Осы Келісім өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын Тараптардың әрқайсысының басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері немесе Тараптармен келісілген басқа да рәсімдер арқылы шешіледі.

14-бап

Осы Келісім депозитарийдің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийдің тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы кез келген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің қ о с ы л у ы ү ш і н а ш ы қ .

Қосылатын мемлекеттер үшін Келісім депозитарийдің қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

16-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шыққанға дейін 6 айдан кешіктірмей өзінің осындай ниеті туралы жазбаша хабарламаны депозитарийге жолдай отырып шығуға құқылы.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда осы Келісімнің олар үшін қолданылу кезеңінде шыққан Тарап мемлекетінің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында меңгерілген білім беру бағдарламалары бойынша білім туралы құжаттары және/немесе құжаттар/академиялық анықтамалар иелеріне осы Келісімнің ережелеріне сәйкес осы Келісімге басқа да қатысушы мемлекеттерде олардың білім туралы құжаттарын және құжаттарын/академиялық анықтамаларын мерзімі шектелмей тануға кепілдік беріледі.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің білім беру мекемелерінде/ұйымдарында меңгерілген білім беру бағдарламалары бойынша білім туралы құжаттар және/немесе құжаттар/академиялық анықтамалар иелеріне, егер білім беру бағдарламаларын меңгеру шыққан Тарап үшін осы Келісімнің қолданылу кезеңінде басталса, шығушы Тарап мемлекетінде олардың білім туралы құжаттарын және құжаттарын/академиялық анықтамаларын мерзімі шектелмей тануға кепілдік беріледі.

2013 жылғы 31 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Үкіметі үшін	Әзербайжан	Республикасының
Үкіметі үшін	Ресей	Федерациясының
Үкіметі үшін	Армения	Республикасының
Үкіметі үшін	Тәжікстан	Республикасының
Үкіметі үшін	Беларусь	Республикасының
Үкіметі үшін	Түрікменстан	Республикасының
Үкіметі үшін	Қазақстан	Республикасының
Үкіметі үшін	Өзбекстан	Республикасының
Үкіметі үшін	Қырғыз	Республикасының
Украина Үкіметі үшін	Молдова	Республикасының
Үкіметі үшін		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК